«Шәкәрім атындағы №56 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК

Жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысының хаттамасы

**Хаттама №1**

Күні:27.09.2024

Қатысқандар:
1.Мектеп әкімшілігі -7
2.Ата-аналар - 282

***Күн тәртібінде:***

1. Білім алу үдерісінде қолайлы орта қалыптастыру. Мектеп директоры Байгазиев Р.Ф.
2. Білім беру процесінде жеке қауіпсіздікті сақтау дағдыларын қалыптастыру. Мектеп директоры Байгазиев Р.Ф.
3. Сіздің балаңыздың қауіпсіздігі немесе баланы зорлық-зомбылықтан қорғау. ДТЖЖО Н.Ш.Бикетова
4. Ата-аналарға балалармен қарым-қатынас жасау бойынша кеңестер: Жанжалсыз қарым-қатынас өнері. Психолог А.Р.Жаппашева
5. Отбасына әлеуметтік қолдау көрсету түрлері. Әлеуметтік педагог Джампейсова А.К.
6. Баланың қауіпсіздігі біздің қолымызда. Сынып жетекші Абламбаева Б.Ү.
7. «Балалардың қауіпсіздігі - ата-аналардың жауапкершілігі» Ата-аналар комитетінің төрағасы Байназарова Г.Б.
8. Мектептің ішкі ережесі, оқушының сырт келбеті. ДТЖЖО Н.Ш.Бикетова
9. «Алтын тұғыр» ата-аналар мектебінің қорытындысы. Психолог Жаппашева А.Р.
10. Заңсыз ақша жинамау туралы бұйрықпен таныстыру. Мектеп директоры Р.Ф. Байгазиев

**Тыңдалды**. Күн тәртібіндегі **1-мәселе** бойынша мектеп директоры Р.Ф.Байгазиев сөз алды. Мектеп директоры ағымдағы оқу жылында оқушылардың білім алуына қолайлы жағдай құру үшін мектепте жүргізілген күрделі жөндеулер мен алынған құрал-жабдықтар, жұмсалған қаржы көлемі туралы есебін берді. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында турникет жаңартылғандығын, мектептің асханасы мен спорт залға күрделі жөндеу жұмыс жасалғандығын, қандай құрал жабдықтар алынғандығын айтты. (Толық №1 қосымшада)

**2-мәселеде** мектеп директоры Р.Ф.Байгазиев оқушылар үшін «Қауіпті ойындар» туралы таныстырып өтті. Қазіргі таңда барлық оқушылар дерлік гаджеттер ұстайтынын, оларда қандай ойындар ойнайтынын, аталған ойындардың бар жоқтығын тексеру және бақылау орнату қажеттігін айтты. (Толық №2 қосымшада)

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Н.Ш.Бикетова 3-мәселе бойынша сөз алды. «Сіздің балаңыздың қауіпсіздігі немесе баланы зорлық-зомбылықтан қорғау» мәселесін қозғай отырып, ата-аналардың

балаларының іс-әрекеті үшін жауапкерлікте екені ескертілді. Сонымен қатар балалар рұқсатсыз үйден кеткен жағдайда не істеуге болатындығын, психологиялық көмек қажет болған жағдайда кімге, қандай номерге хабарласуға болатынын ескертті. (Толық №3 қосымшада)

Мектеп психологі А.Р. Жаппашева «Ата-аналарға балалармен қарым-қатынас жасау бойынша кеңестер: Жанжалсыз қарым-қатынас өнері» тақырыбында мәселе қозғады. Жанжалсыз қарым-қатынас құрудың тиімділігін айта отырып, негізгі қадамдарын атады. Ең алғашқысы тыңдай білу екенін, ата-аналар баланың сезімдері мен ойларын естіп қана қоймай, түсінуі керектігін жеткізді. Эмпатия - басқалардың сезімдерін түсіне білу өнері, ата-аналар балалардың эмоцияларын жақсы түсіну үшін өздерін олардың орнына қоюға тырысуы керектігін атады. Сыннан аулақ болуға шақырды. Ол балалардың қорқынышы мен агрессиясын тудыруы мүмкіндігін ескертті. (Толық №4 қосымшада)

5-мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогі А.К.Джампеисова сөз алды. Әлеуметтік педагог отбасыларға әлеуметтік қолдаудың жолдарын көрсетті. Атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) уақытша қиын жағдайға тап болған адамдар мен отбасыларға мемлекеттік қолдаудың ерекше түрі. АӘК мақсаты, төлеу тәртібі және басқа да аспектілер ҚР Әлеуметтік Кодексімен 11-тарауда айқындалғанын атады. ҚР Білім министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті"Мектепке жол" республикалық қайырымдылық акциясын жылда жүзеге асыратындығын, бұдан басқа да қолдау түрлері бар екені туралы ақпарат берді. Бұдан кейін мектебіміздің оқушыларына қандай және қанша көлемде көрсетілгені туралы ақпарат берді. (Толық №5 қосымшада)

Сынып жетекшілер атынан 6-мәселе бойынша Б.Ү.Абламбаева сөз алды. Сөйлеу барысында интернеттің бала үшін физикалық, психикалық, рухани және адамгершілік тұрғыдан қандай қауіптері бар екендігіне тоқталды. Қауіптің түрлеріне кеңірек тоқталды. Компьютерге тәуелділіктің себептерін және компьютерге тәуелділіктің алдын алу жолдарын атады. Ата-ана мұқият орындауы қажет БЕС ЕРЕЖЕНІ таныстырды. (Толық №6 қосымшада)

7-мәселе бойынша ата-аналар комитеті атынан Г.Б. Байназарова сөз алды. Ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, балалардың физикалық, психикалық, өнегелік және рухани дамуына қамқорлық жасау, балалардың мүдделерін қорғау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, балаларды кәмелетке толғанға дейін асырау жауапкершіліктері моральдық, заңдық тұрғыдан жүктелгенін атады. Жалпы ата-аналар, ата-аналар комиеті мектеппен серіктес бола алатындығын көрсете отырып, оның жолдарын таныстырды.

1. Білім алушыларға тәрбиелік ықпал етудің бірлігін қамтамасыз ету және оның нәтижелілігін арттыру мақсатында отбасы, мектеп, қоғамдық ұйымдар арасындағы байланысты нығайта алады.

2. Білім алушылар мен педагог қызметкерлердің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша ата-аналар жұртшылығының әлеуетті мүмкіндіктерін пайдалану арқылы мектепке көмек көрсете алады.

3. Мектеп оқушыларының ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) олардың құқықтары мен міндеттерін, отбасында білім алушыны жан-жақты тәрбиелеудің мәнін түсіндіру бойынша жұмысты ұйымдастыру.

- классикалық жейде,
- поло жейде немесе тенниска.
- не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган
- қысқы мезгілде: трикотажды жилет, сарафан, водолазка

*қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұруы тиіс.

*қыздарға арналған юбка ***тізеден төмен*** болуы тиіс.

- Қыздар мен ұлдар үшін ұқыпты іскерлік шаш үлгісі қажет. Қыздардың ұзын шаштары жиналған немесе өрілген, ұлдардың шаштары қысқа, оқушы бейнесіне сай болуы тиіс.

- Ұлдар мен қыздарға арналған спорттық формаға мыналар кіреді: спорттық костюм (спорттық шалбар, футболка), спорттық аяқ киім (кроссовкалар).

-Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу мақсатында «Жұма күн - ұлттық күн» болып табылып, мүмкіндіктеріне қарай сол күні ұлттық нақыштағы қамзол, бешпент кию ұсынылатындығы көрсетілген.

## ОҚУШЫЛАРҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:

- оқу сабақтарына мектеп формасынсыз келу;
- бетті жабатын киім атрибуттарын, әлеуметтік бейресми жастар бірлестіктерінің символикасы бар аксессуарларды, сондай-ақ психоактивті заттар мен құқыққа қарсы мінез-құлықты, бағалы металдардан жасалған зергерлік бұйымдар мен аксессуарларды, зергерлік бұйымдарды пайдалану (сақиналар, үлкен сырғалар, алқалар, шынжырлар, кулондар, білезіктер, сәндік белдіктер), ашық түстер, жылтыр жіптер және назар аударатын экстравагантты белдіктер тағуға;
- әртүрлі конфессиялардың діни киімдерінің элементтерін қосуға;
- мектепке экстравагантты шаштар, шаштары ашық табиғи емес реңктермен, жарқын маникюр мен макияжбен, пирсингпен келуге;
- спорттық аяқ киім (оның ішінде экстремалды спорт және ойын-сауық түрлеріне арналған), артқы жағы жоқ аяқ киім (флип-флоптар мен тәпішкелер), платформадағы жалпақ аяқ киім; кешкі аяқ киім (садақтары, кәуірсындары, үлкен ринстондары, жарқын кестелері, жылтыр маталары бар). Биік өкшелі аяқ киім киюге (өкшенің рұқсат етілген биіктігі 5 см-ден аспайды).

## ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛУЫ:

- егер оқушы мектеп формасынсыз келген жағдайда, кезекші әкімшінің (мұғалімнің, сынып жетекшісінің) талабы бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіліп түсініктеме жазуы тиіс;
- сынып жетекшісі ата-аналарға, яғни баласының мектепке мектеп формасында келуін қамтамасыз етуі туралы ескертумен хабарлайды. Келесі күні бала ата-анасынан осы ақпаратпен танысқаны туралы хабарлама әкеледі.

4. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуға, білім бе[ру] процесін жүзеге асыру, білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорға[у] үшін жағдайларды жетілдіруге жәрдемдесе алады. (Толық №7 қосымшада)

8-мәселеде мектептің Ішкі Жарғысына қосымша Ішкі тәртіп ережесі, оның ішінде қамтылған мектеп формасы туралы ата-аналарға түсіндірілді.

Білім алушылардың міндеттері, әсіресе сабақ үстінде

- мұғалімнің сабақ жүргізуіне, басқа білім алушылардың білім алу құқығына кедергі келтірмеу;

- сабақ барысында ұялы телефонды мұғалімнің рұқсат еткен жағдайдан тыс уақытта пайдалануға тыйым салынады;

- рұқсатсыз фото, видеоға түсіру, аудио жазба жасап, әлеуметтік желіге рұқсатсыз жариялауға тыйым салынады. (ҚР заңнамасына сай әкімшілік-құқықтық жауапкершілікке тартылады) ескертілді. Сонымен қатар, мектеп формасына қатысты ҚР БҒМ-нің №26 бұйрығы таныстырылып, мектептің Ішкі Жарғысына қосымша ретінде Қамқоршылық кеңесте талқыланып, 25.09.2024 жылғы №4 хаттамамен бекітілген мектептің Ішкі тәртіп ережесінде №56 МЕКТЕП ӘКІМШІЛІГІ (Қамқоршылық кеңеспен келісе отырып) мектеп формасында қойылатын талаптар Ішкі Жарғыға сай нақтыланғанын ескертті.

**Орта білім беру ұйымдарының міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығымен бекітілген.**

- Мектеп формасының үлгісі, түсі классикалық стильде, бірыңғай қою қара көк түс үлгісінде талап етіледі.
- Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізіледі.
- Мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді.

**ҰЛДАРДЫҢ МЕКТЕП ФОРМАСЫ**

- пиджак
- жилет
- шалбар
- мерекелік жейде (ашық түсті)
- жейде немесе тениска
- күнделікті жейде
- түймелері бар немесе сылырмалы тоқылған қою қара көк түсті күрте/кардиган
- суық мезгілде трикотажды жилет, водолазка

* ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұруы тиіс.

**ҚЫЗДАРДЫҢ МЕКТЕП ФОРМАСЫ**

- пиджак
- жилет
- юбка
- шалбар

- осы Ережені орындау 1-11 сынып оқушылары үшін міндетті болып табылатындығы көрсетілді. (Толық №8 қосымшада)

9-мәселеде мектеп психологі А.Р.Жаппашева «Алтын тұғыр» ата-аналар мектебінің жұмыс жоспары бойынша 2023-2024 оқу жылында жүргізілген жұмыстарды қорытындылап, белсенді ата-аналарды марапаттады. (Толық №9 қосымшада)

10-мәселе бойынша мектеп директоры Р.Ф.Байгазиев ата-аналарғақ заңсыз ақша жинамау туралы мектеп бұйрығын таныстырды. Мұғалімдер күніне, олардың туған күніне арнайы сыйлыққа, мектептің жөндеу жұмыстарына, материалдық-техникалық базасының жаңартылуына деп ақша жинауға болмайтындығын, ол үшін әкімшілік, құқықтық жауапкершілік бар екенін ескертті.

**Шешім:**

1. Мектеп директоры Р.Ф.Байгазиевтің мектептің материалдық-техникалық базасының жаңартылуы, қаражаттың жұмсалуы жөніндегі есебін «жақсы» деңгейде деп танылсын. Мектептің материалдық-техникалық базасының жаңартылуы жалғастырылсын.

2. Қауіпсіз әрі қолайлы орта құру құруға бағытталған мектеп жұмыстары күшейтілсін. Зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша ата-аналар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілсін. Ата-ана мен бала арасында жанжалсыз қарым-қатынас құруға бағытталған тренингтер өткізіліп, психологиялық қолдау, кеңес беру жұмыстары ұйымдастырылсын. Сынып жетекшілер тарапынан ата-аналар мен білім алушыларға психологиялық қолдау орталықтары, сенім телефондары туралы ақпараттар берілсін. Әлеуметтік көмек көрсету жұмыстары жалғастырылсын. Ата-аналар балаларына ойындардың қауіптері, олардың зияны туралы әңгімелер жүргізсін. Ата-аналар тарапынан балаларының гаджеттеріндегі ойындар мен әлеуметтік желідегі аккаунтарына бақылау қою ұсынылсын.

3. Қамқоршылық кеңестің 25.09.2024 жылғы №4 хаттамасымен бекітілген мектептің Ішкі тәртіп ережесі, оның ішінде оқушы формасы мен сыртқы келбетіне қойылатын талаптар туралы ақпараттандыру жалғасын тапсын. Орындалуын бақылау Д.К.Жунусовка тапсырылсын.

4. Сынып жетекшілер ата-аналарды қолдау орталығының мақсат, міндеті, жұмыс жоспары туралы таныстыруды жалғастырсын. «Алтын тұғыр» даналық мектебінің жұмыс жоспарына сай жұмыстар жүргізілсін.

5. Ата-аналардан заңсыз ақша жинауға тыйым салынсын. Бұйрықта көрсетілген жағдайларға байланысты мұғалім не сынып чатында ата-аналардан ақша жинау жайлы ақпарат келіп түскен жағдайда, заңсыз ақша жинаудың алдын алу үшін мектеп әкімшілігі хабардар етілсін.

**Мектеп директоры** **Р.Ф.Байгазиев**
**Хатшы** **Д.К.Жунусов**